

Қазақта "жігіттің сұлтаны" дерлік аза маттарды "сегіз қырлы, бір сырлы" екен деп деп те жатады. "Жігітке жеті өнер де аздық етеді" деу де құлаққа сіңісті. Бұл сөздер әшейін қызылсөзге жел беруден туған нәрсе емес. Белгілі бір негізге сүйенуден туындаған тұжырым десе болғандай. Шындығында да, жеті-сегіз өнердің тұтқасын ұстаған жандар аз ба? Оларды санамалап жатудың қажеті жоқ. Дегенмен, солардың бірі - Ақселеу Сланұлы Сейдімбек туралы әңгіме бөлек.

А.С.Сейдімбек - Жаңаарқаның төлұмасы. Осыдан алпыс жыл бұрын дүниесігін ашқан екен. Сұрапыл соғыстың қанды қырғынына аттанып, содан елге оралмаған әкесінің орнына оған тәлім-тәрбиені әкесінің ағасы Аманбек беріпті.

Орта білімді Жаңаарқада N1 орта мектептен (бұрын В.И.Ленин атымен аталатын) алады. Одан комсомолдық жолдама бойынша Қызылтау, Ақтау кеңшарларында мал шаруашылығының өркендеуіне үлес қосу үшін үш жылын сарп етті. Қой соңында өткен бұл жылдар текке кеткен жоқ. Ақселеудің сана-сезімінің қалыптасуына, ел өмірінің дәстүрлі болмысына көз қанықтыруына, қала берді шығармашылық ізденістеріне түбегейлі әсер еткен жылдар болды.

Ақселеу Сейдімбектің сол бір жылдары жазған тырнақалды мақалалары, өлеңдері аудандық, облыстық газеттерде жарияланып жүрді. Ол бір өзін-өзі ұштау, болашақ қаламгерлік жолға түсердегі дайындық кезеңі іспетті еді.

Сөйтіп, біршама ысылған қалпында 1961 жылы Алматыдағы С.М.Киров атындағы мемлекеттік университеттің (қазіргі әл-Фараби атындағы қазақтың ұлттық университеті) табалдырығын аттады. Журналистика факультетінде оқып жүрген кезінде әскер қатарына шақырылып (1963-1964 жж.), ақыры университетті 1968 жылы бітірген болатын. Студенттік жылдары Ақселеу үшін білімге деген құштарлықтың көзі ашылғандай болған кезі еді. Ол әсіресе тарих, философия, мәдениеттану, этнография, фольклортану сияқты ғылым салаларына ерекше көңіл қойып, жүйелі білім алып шығуды өзіне мұрат тұтты. Студенттік шақ Ақселеудің қоғамдық өмірге де белсене араласа білетінін танытқан тұс. Ол сол кездегі университеттің "Журналист" газетін шығарушы алқаның және Мұхтар Әуезов атындағы әдеби бірлестіктің мүшесі болды. "Қайнар" деп аталатын журналға бас редактор болды.

Ақселеу Сейдімбек университетті бітірген соң, 1968-1987 жылдар аралығында облыстық және республикалық баспасөзде әдеби қызметкерліктен бас редакторлыққа дейінгі қызметтердің біразын атқарды. "Лениншіл жаста" ("Жас алаш") меншікті тілші, "Орталық Қазақстанда" жауапты хатшы, "Социалистік Қазақстанда" ("Егемен Қазақстан") әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісі, "Білім және еңбек" ("Зерде") журналында және "Әлем" альманағында бас редактор болып жүрген кезінде Ақаң ел өміріне белсене араласты, елдің жетістігіне қуанып, кемістігіне күйініп үн қосты. Журналистік қызметте болған сол жиырма жылға жуық уақыт ішінде ол әсіресе, ел есіндегі рухани қазыналарды зерттеп, зерделеуге ден қойды.

Ұлттық мәдениетке қатысты материалдармен қойын дәптерін қаппайта түсті.

Бұл жылдар қаламы жүйрік журналист Ақселеуді елге танымал жазушы Ақселеу етіп те қалыптастырды. Оның алғашқы әңгімелері мен повестері жинақталған "Ақиық" кітабы 1972 жылы жарық көрді. Содан беріде А.Сейдімбек отызға тарта кітап шығарып үлгерген екен. Оларды көркем шығармалар, ғылыми-көпшілік еңбектер, монографиялық еңбектер, аудармалар деп төрт топқа бөліп саралауға болады. Көркем шығармалары топтастырылған "Қыр хикаялары" (1977), "Тауға біткен жалбыз" (1979), "Аққыз" кітаптарындағы ұлттық этнографиялық бояуы қанық әңгімелері мен повестері арыс, қырғыз, өзбек, эстон, чех, неміс, ағылшын тілдеріне де аударылды. Жазушының "Кеніш" (1973), "Серпер" (1982) деп аталатын көркем очерктер жинағы да кезінде оқырманынан лайықты бағасын алған дүниелер. "Кеніш" кітабы үшін ол Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанса, оның "Күңгір-күңгір күмбездер" (1981) атты ғылым-көпшілік кітабы қазақтың дәстүрлі мәдениетін өзінің төлтума қалпында біртұтас құбылыс ретінде қарастыруымен, тарихи-этнографиялық дерегінің молдығымен, әсіресе ұлттың рухани әлемін парықтаудағы тұжырымдарымен оқырман назарын аударған еңбек болды.

Ақселеу Сейдімбектің елдің ықыласына бөленген ғылыми-көпшілік кітаптарының арасында "Қазақтың әйгілі күйшілері" (1992), "Балталы, бағаналы ел аман бол" (1993), "Ойтолғақ" (1997) атты еңбектері де бар.

Өзінің аты әйгілеп тұрғандай, бұл кітаптардың алғашқысы қазақ даласындағы күйшілің өнердің марғасқалары жайлы сыр шертсе, бұл тақырыпқа Ақаң өзінің монографиялық еңбектерінде бірнеше мәрте қайта оралған жайы бар. "Күй-шежіренің" бірінші кітабын 1992 жылы, екінші кітабын 1997 жылы жариялаған ол, 2002 жылы "Қазақтың күй өнері" деген

көлемді еңбегін жарыққа шығарды. Оның бұл кітабы қазақтың төлтума мәдениетін танып-түсіну жолында терең біліктікпен жазылған, энциклопедиялық деректерге бай, ғылыми жаңалығы зор еңбек ретінде бағалануға тиіс.

Қазақ халқының рухани мәдениетінде күй өнерінің алатын орны ерекше болатын себебі, ол ғасырлар шеңберіндегі сан алуан оқиғаларды өзіне арқау етуімен ұлттықмәдениеттегі бөлекше құбылыс болып табылады. Бүгінгі таңда бес мыңдай күй бар деп есептейтін болсақ, осы күйлердің барлығының дерлік шығу тарихын баяндайтын аңыз әңгімелері бар екен. Ол аңыз-әңгімелер сонау көшпелі заманнан бергі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің шежіресі сияқты. Міне, әрі тарихи зердені, әрі музыкалық біліктілікті, әрі пәлсапалық пайымдауды қажет ететін қазақтың күй өнерінің мол мұрасын жинап, зерттеуде және халықтың игілігіне айналдыруда Ақселеу Сейдімбек тұңғыш рет кешенді зерттеулер жүргізіп, нағыз ғалымға лайық табандылық таныта білгенін айтпасқа болмайды.

Ғалым демекші, Ақаң ғылымға кәсіпқой журналистік қызметтен кеткеннен кейін біржола бет бұрды. Ал оған өзі жанымен қалаған мамандықтан ойда жоқта қол үзуге тура келген еді.

1987 жылы "Білім және еңбек" журналында бас редактор болып қызмет етіп

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ жазушы, ғалым Ақселеу Сейдімбек 60 жаста

жүргенінде 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты "қазақ ұлтшылдығын дайындаушылар" қатарында комсомолдың орталық бюросында қызметінен босатылды. Ал бұл шешім "Білім және еңбек" журналының өзі тектес басылымдар арасында Одақ бойынша бірінші орын алғанына қарамастан, бас редактор ретінде Ақаңның БЛКЖО (ВЛКСМ)-ның ең жоғары марапаты - Құрмет грамотасымен марапатталғанына қарамастан жасалған болатын. Сөйтіп, ұлтжанды азамат "ұлтшыл" ретінде қарауылға ілікті. Бұл кезде Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің (КГБ) 1-бөлімі бастығының орынбасары, подполковник Валентин Чугаев "Көшпелілер" деген атпен Шона Смаханұлының, Ақселеу Сейдімбектің, Мұрат Әуезовтің, Олжас Сүлейменовтің сыртынан іс жүргізіп, біраз деректер жинап үлгерген болатын.

Бұл жөнінде МҚК-нің қызметкері, подполковник Темірболат Ахметов кейін былай деп жазды: "По делу проходили Шона Смаханулы, Ақселеу Сейдімбеков, поступки и высказывания которых Чугаев и Нурахметов оценили как националистические...

"Кочевникам" московские коллеги воздали должное, скрупулезно изучили, дали практические рекомендации по дальнейшей разработке объектов и их связей...

С каждым днем дело "Кочевники" раздухло, материалы сыпались отовсюду. Конечно, находились подлецы, которые, унюхав в чем дело, спешили "представить" компроматы на потенциальных противников последую какие-то свои цели, сводя старые, известные только им, счеты...

Когда же поставили подслушивающее устройство в доме-музее М.Ауэзова, я понял, что пора делать выбор между исполнением служебного долга и простой человеческой совестью. Обдумав все варианты, пошел на отчаянный шаг: попросил своего брата Орала Жунусова передать Ш.Смаханулы, А.Сейдімбекову, М.Ауэзову, что ими занимаются КГБ, следят, подслушивают, пусть будет осторожны, так как их безопасность прямо пропорционально количеству материалов которые сможет "добыть" 5-ое управление. Орал также должен был обо всем подробно рассказать О.Сүлейменову" (Т.Ахметов. "Анатомия молчания". - "Жалын", 1997. N7-8. - 241-243-66).

Бұдан кейін Ақселеу Сейдімбекке баспасөз атаулының есігі жабылды. Далада қалғандай күй кешкен сол бір кезде оған ҰлттықҒылым академиясы жанындағы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының сол кездегі директоры Шерияздан Елеуенов қамқор қолын созды. МҚК-нің наразылығына қарамастан, ол А.Сейдімбекті еден жуушының бос орнына лаборант ретінде қызметке алады. Содан он жыл бойына А.Сейдімбек лаборант, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, Қолжазба орталығының бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. Бұл жылдары ол ғылыми жұмысқа бел шеше кірісіп, теориялық білімін одан әрі тереңдете түсіп, қазақ халқының әлі игерілмей жатқан фольклорлық мұрасын жинау, зерттеу, жариялау жұмыстарымен шұғылданған болатын. Жинақталған материалдарды зерделеу барысында ол "Қазақтың дәстүрлі халық лирикаларындағы қара

өлең жанры" деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын 1989 жылы сәтті қорғап шықты.

"Қазақтың қара өлеңі халық арасына ең бір кең тараған, ел ішінде туындауын күні бүгінге дейін тоқтатпаған, өмір бейнелегіш, өмір реттегіш қасиеті аса тегеурінді, поэтикалық болмысы мейлінше төлтума, көпшілік қолды, демократияшыл жанр ретінде тұңғыш рет арнайы зерттеу объектісіне айналады, сөйтіп төл сипаты ғылыми байсалдылықпен сараланады", - деп жазған болатын Ақаңның өзі кезінде бұл туралы (А.Сейдімбек. "Мың бір маржан". - Алматы: "Өнер" баспасы, 1989. - 254-6.).

Сондай-ақ, Ақселеу Сейдімбек жинаған қара өлең нұсқалары екі том көлемінде қазақтың фольклорлық мұрасын толықтыра түсті (Қолжазба орталығы, №898-папка).

Ал 1997 жылы қорғалған докторлық диссертациясына, жоғарыда айтылғандай, күй өнеріне қатысты зерттеулері негіз болғаны белгілі.

Күй өнеріне қатысты Ақселеу Сейдімбектің ғылыми ізденісі докторлық диссертация қорғаумен шектелген жоқ. Ұлттыңрухани әлеміндегі күй өнерінің ерекше орнын жете түсінген ол осы тақырыпқа қатысы бар-ау деген әлемдік аядағы айғақ-деректерді тынымсыз жинайды.

Ежелгі көшпелілердің музыкалық мәдениетіне қатысты грек, рим, араб, парсы, қытай еңбектерінен мағлұмат тереді, ел ішінен екі мыңдай күй аңызын жинақтайды, оның жүздеген таңдаулы нұсқаларын хатқа түсіреді, жүз елуге тарта күйші-сазгерлердің өмірі мен шығармашылығы туралы тың деректер жинайды.

А.Сейдімбек жалпы өнер тақырыбын түбегейлі зерттеуді өзіне мұрат тұтқан азамат. Оның өнер және өмір туралы, өнердің төлтумалығы жайында сөз қозғайтын "Сонар" атты монографиялық еңбегі 1989 жылы жарық көріп, Қазақстан Жазушылар одағының сыйлығын алды. Ол өнер туралы кітаптар жазумен ғана тұйықталған емес. Ақаңның "Ықылас күйші" (1983), "Әнші Жәнібек Көрменов" (1993), "Абайдың "Ескендір" поэмасы" (1994), "Асыл қазына" (1994), "Зергер" (1998) телефильмдеріне түскенін біреу білсе, біреу біле бермес. Ол режиссер Асанәлі Әшімов түсірген "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" (1993) атты екі сериялы көркем фильмінде де ойнаған.

Ақселеу Сейдімбек сазгер ретінде де танымал. Оның ел ішінде кең тараған "Сапырақ", "Дәурен-ай", "Алтын асық", "Арарай", "Арман-ай", "Есінде бар ма жас күнің?", "Гагигай" сияқты өндерінің кезінде марқұм Жәнібек Көрменовтің, бүгінге шейін Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеуханов сияқты әйгілі әншілердің репертуарынан берік орын алуы көп жайды аңартса керек. Ақселеу Сейдімбектің қазақ ән өнері туралы Жәнібек Көрменовпен бірлесіп жүргізген сегіз телехабары қазақ теледидарының алтын қорына қосылған бағалы қазына. Осы хабарлар топтамасында Жәнібек қазақтың жүзге тарта өнін айтса, Ақселеу оларға тарихи-эстетикалық түсініктер беріп отырған.

Ақселеу Сейдімбек қоғамдық өмірге де үнемі сергек араласып отырады. Ол Қазақстан Республикасының Терминология және ономастика комитетінің, Қазақстан Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы орталық кеңесі президиумының, Ғылыми қызметкерлерді аттестациялау департаментінің эксперттеу комиссиясының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының, ПЕН-клубтың мүшесі, "Жұлдыз", "Жалын", "Парасат", "Зерде", "Ана тілі", "Қазақ әдебиеті" тәрізді газет-журналдардың алқа мүшесі болды. Алматы, Астана, Бішкек, Бонн, Ереван, Кабул, Киев, Мәскеу, Стамбул, Тбилиси, Түркістан қалаларында өткен халықаралық, бүкілодақтық, аймақтық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларға, симпозиумдарға қатысып, ғылыми баяндамалар жасады.

Ақселеу Сейдімбек 1997 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Білім проблемалары институтының директоры болып тағайындалды. Ал 1998-1999 жылдары осы институттың негізінде құрылған Қазақтың Білім академиясының тұңғыш президенті болды. Білім академиясының президенті ретінде ол республикадағы білім берудің барлық сатысына қатысты білім стандарттарын жасау, сол стандарттармен үндес базистік жоспарлар әзірлеу, жаңа стандарттар мен базистік жоспарларды негізге ала отырып дайындалған әр пәннің бағдарламасы бойынша жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінің ең алдымен қазақ тілінде

жазылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру технологиясының проблемаларына қатысты ғылыми-педагогикалық зерттеулер жүргізу сияқты жұмыстарға тыңғылықты басшылық жасады.

1998-2000 жылдары Ақселеу Сейдімбек Астанадағы Қазақстан Республикасы Президенттік Мәдени орталығы директорының ғылым жөніндегі орынбасары болып қызмет етті. Білікті мамандармен бірлесе отырып, Президенттік Мәдени орталықтың тұжырымдамасын жасауға қатысты. Ал 2000 жылдың шілде айында ол Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Гуманитарлық институтының журналистика кафедрасының меңгерушілігіне қызметке шақырылды. Бүгінде Ақаң болашақ журналист-қаламгерлердің шыңдалып өсуі жолында өз білімі мен тәжірибесін жұмсап келеді. "Журналистика және публицистика жанрлары", "Журналистік шығармашылық психологиясы", "Журналистік шеберлік" жалпы курстары бойынша, сондай-ақ өзі негіздеп оқу жоспарына енгізген "Журналистика және ұлттық діл: теория мен практика" арнаулы курсынан дәріс оқитын А.Сейдімбек университеті Ғылыми кеңесінің мүшесі, "Аудитория" деп аталатын Астана қалалық студенттер мен жастар газетінің бас редакторы болып табылады.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ғалымдары Мырзатай Жолдасбеков, Қойшығара Салғариндермен бірлесіп, Ақселеу Сейдімбек "Елпұтқа" атты кітап жазуға қатысты. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай, 2001 жылы "Күлтегін" баспасынан жарық көрген бұл еңбекте соңғы екі жарым мың жыл нобайында қазақ топырағында өмір сүрген жүз жиырмаға жуық тарихи тұлға туралы ғылыми очерктер беріліпті. Сөйтіп, ғалымдар алғаш рет Қазақстан тарихын жалпы адамзат тарихының құрамдас бөлігі ретінде жеке тұлғалар арқылы зерделеуге күш салған кітап айғақ-дерегінің көптігімен, тарихи тұлғаларға берілген бағалардың шынайлығымен, сондай-ақ ғылыми ой-тұжырымдарының жаңалығымен көңіл аудартады.

Ғалым Ақселеудің жоғарыда өзіміз атаған еңбектерінен басқа "Мың бір маржан" (1989), "Көшпелілер тарихы" (1995), "Қазақ әлемі" (1997) сияқты монографиялық еңбектері де оның қазақтың төл тарихына, дәстүрлі мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясына қатысты ғылыми қисындары орнықты тың ой-тұжырымдарын еркін ортаға сала алуымен ерекшеленеді.

Ақселеу Сейдімбектің қаламгерлік болмысындағы тағы бір бөле айтатын қыры - оның аудармашылығы. Әлем әдебиетінің інжу-маржаны болып табылатын әйгілі туындысы, Гомердің "Илиада" мен "Одиссея" атты эпикалық поэмаларының қара сөзбен әңгімеленген нұсқасын ол алғаш рет қазақшаға аударып, оның бұл еңбегі 1974 жылы жеке кітап болып жарық көрген еді. Бұл аударма оқырман қауымның үлкен суранысына ие болып, бірнеше рет қайта басылды. Гомер поэмаларының қара сөзбен әңгімеленуі және оның оқырман көңілінен шығуы Ақаңа ой салды. Енді ол өзіміздің "Алпамыс батыр" жырын қара сөзбен баяндауға кірісті. 1979 жылы "Алпамыс батыр" кітабы да оқырманына жол тартты. Қазақтың жыр-дастандарын насихаттау мақсатынан туындаған бл еңбек эпосты қара сөзбен баяндаудағы алғашқы қадам болатын. Кешікпей-ақ бл бастама қолдау тауып, эпикалық мұралардың біразы қара сөзбен баяндалып, жеке кітап болып, мол таралыммен шыға бастағаны мәлім.

Азия мен Африка елдерінің әлемдік кереметтер қатарына қосылатын таңғажайып мәдени ескерткіштері мен айтулы өнер туындыларының өзіндік ерекшеліктері және олардың дүниеге қалай келгендігі жайлы қызықты баяндалатын И.Можейконың "7 и 37 чудес" атты кітабын "7 және 37 керемет" деген атпен (1988) қазақшаға аударып шығарған да А.Сейдімбек.

Жоғарыда өзіміз азды-көпті тоқталып өткен жайлар Ақселеу Сейдімбектің қаламгерлік, ғалымдық, өнертанушылық болмысын аңғартса, оның азамат ретіндегі болмысын айғақтайтын қасиеттерінің ең бастысы - оның ұлтжандылығы дер едік. Ол өзінің ғылыми-шығармашылық ізденістерінде ұдайы ұлттың рухани байлығын арттыруға ұмтылып, бұрын із түспеген соныға құлаш сермеп, халық мұрасының ескерілмей жатқан тұстарын түгендеп отыруға құштар болып келеді. Осындай қасиеттерінің арқасында оның есімі ел арасында ерекше құрметті. Өзі туып өскен Жаңаарқа және Шет аудандарының Құрметті азаматы екендігі де сөзімізге дәлел.

Мақаламыздың басында жігіттің өнер паздығы туралы аз-кем сөз қозғалған еді. Соны түйіндейтін болсақ, Ақселеу Сейдімбектің сегіз қырлы, бір сырлы азамат екендігіне осы мақала арқылы да көз жеткізгендейміз-ау. Журналист, жазушы, өнер зерттеушісі, ғалым, сазгер, актер, аудармашы, қоғам қайраткері сияқты сегіз қырынан таныла білген ұлтжанды азаматтың жалғыз-ақ сыры бар. Ол - өзін туған ұлтқақалтқысыз еңбек ету.

Қайролла ЖӨКЕНҰЛЫ жазушы